

**Жәнібек ӘЛІМХАНҰЛЫ:**

# БҰЛ КЕЗДЕСУ МАҒАН ҚИЫНҒА СОҚПАЙДЫ



**ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖӘНІБЕК ӘЛІМХАНҰЛЫ БРИТАНДЫҚ ҚАРСЫЛАСЫ ДЭННИ ДИГНУММЕН КӨЗ ТҮЙІСТІРДІ. ЕКІ БОКСШЫ WBO НҰСҚАСЫ БОЙЫНША ОРТА САЛМАҚТАҒЫ «УАҚЫТША» ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАҒЫ ҮШІН ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ. ЖЕКПЕ-ЖЕК ЛАС-ВЕГАС ҚАЛАСЫНДАҒЫ «RESORTS WORLD» АРЕНАСЫНДА ӨТЕДІ. ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН ЖЕКПЕ-ЖЕКТІ 22 МАМЫР КҮНІ САФАТ 07:00-ДЕ «ХАБАР» ТЕЛЕАРНАСЫ КӨРСЕТЕДІ.**

# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы  
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық  
апталық

qazaqsporty.kz

№17 (5368)  
21 мамыр 2022 жыл

Газет сенбі  
күні шығады

kazakh\_sporty@mail.ru

# ТҮРКИЯ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛТЫНЫН «ТАРТЫП» АЛДЫ

**КЕШЕ ЫСТАНБҰЛДА ӨТКЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ БҰЛ ЖАРЫСТЫ БЕС ЖҮЛДЕМЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ. АТАП АЙТСАҚ, ЖАЙНА ШЕКЕРБЕКОВА, ДИНА ЖОЛАМАН, КАРИНА ИБРАГИМОВА ЖӘНЕ ВАЛЕНТИНА ХАЛЬЗОВА ҚОЛА МЕДАЛЬДЫ ҚАНАҒАТ ТҮТСА, КЕШЕ ТҮНДЕ АЛУА БАЛҚЫБЕКОВА БАС ЖҮЛДЕ ҮШІН ТАЛАСТЫ. ФИНАЛДЫҚ БӘСЕКЕДЕ ОЛ ЖЕРГІЛІКТІ БОКСШЫ АЙШЕ ЧАГИРИРМЕН ШАРШЫ АЛАҒА ШЫҒЫП, 2:3 ЕСЕБІМЕН ЖЕҢІЛУГЕ МӘЖБҮР БОЛДЫ. АТАЛҒАН ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕ МӘЖБҮР БОЛАТЫНДАЙ ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛДЫ. СЕБЕБІ, БІЗДІҢ ҚЫЗДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ БОКСШЫДАН БАСЫМ БОЛҒАНЫН БОКС МАМАНДАРЫ ДА АЙТЫП ОТЫР.**



Қыздарды қолдау үшін Ыстанбұлда Қазақстан бокс федерациясының президенті Кеңес Рақышев бар. Чемпионат барысында отандық боксты дамытуға байланысты шетелдік әріптестермен бірқатар маңызды кездесу өткізген ол Алуа Балқыбекованың финалдық жекпе-жегін аренадан тамашалап, жүлдеге іліккен және жарқын бокс үлгісін көрсеткен барлық боксшыларға алғыс айтты.

Әлем чемпионатында бес жүлде алу өте жақсы көрсеткіш екені еш дау туғызбайды. Әдетте жерлестеріміз аталған жарыста екі-үш медальды еншілеумен ғана шектелуде. Қазақстанның әйелдер құрамасы өзінің ең зор табысына осыдан алты жыл бұрын Астанада қол жеткізді. 2016 жылы жалауы желбіреген жарыста 4 алтын мен 2 қола медальды иеленіп, жалпы командалық есепте көш бастаған едік. Міне, енді Ыстанбұлда бес боксшымыз жеңіс тұғырына көтерілді. Десек те қазақ жанкүйерлерінің бұл көрсеткішке «көңілі толды» немесе «бөріктерін аспанға атып қуанды» деп айта алмаймыз. Осылайша ой қорытуымыздың өзіндік себептері де бар.

Біріншіден, Анадолы еліне сапар шеккен 12 былғары қолғап шеберіміздің тең жартысы тұсауесер кездесуінде сүрінді. Өзгелерді айтпағанда, Назым Қызайбай (50 кг) мен Дариға Шәкімованың (66 кг) шабысынан жаңылғанын түсіне алмадық. Алғашқысы – әлемнің екі дүркін чемпионы, сол жарыстың қола жүлдегері, Азия біріншілігінің жеңімпазы. Екіншісі – Рио Олимпиадасының қола жүлдегері, Азияның екі дүркін чемпионы. Иә, Қызайбайдың қарсыласы мықты болғаны рас. Колумбиялық Ингрид Валенсияның осыдан алты жыл бұрын Рио-де-Жанейрода алауы тұтанған Олимпия ойындарында үшінші орынға табан тірегені есімізде. Бірақ қандасмыз да қара жаяу емес. Оның да атағы дардай. Және де Назым одан



бақандай бес жас кіші. Сол 33 жастағы ардагер спортшыны ел мақтанышына айналған боксшымыздың сан соқтыра алмағаны таңғалдырды.

Даңқты Дариға Шәкімованың есімі көпшілікке беймәлім Навбахор Хамидовамен күш сынасатынын естігенде, оның «екі аяғын бір етікке

тығатын шығар» деп ойладық. Бірақ өзбек қызы осал болмай шықты. Ол алдап-арбап жүріп-ақ, Шәкімованы шаң қаптырып кетті.

Атағы алысқа жайылған Ләззат Күнгебаева (81 кг) сүрінгенде, тіпті айтарға сөз таба алмай қалдық. Аса ауыр салмақта айқасып жүрген жерлесіміз кезінде әлем және Азия чемпионы, әлем чемпионатының финалисі, құрлық біріншілігінің төрт дүркін жүлдегері атанды. 34 жастағы боксшымыз түркиялық Шенур Демирмен шеберлік байқасты. Ол да әлем және Еуропа чемпионаттарында екі реттен жеңіс тұғырына көтерілген сақа спортшы. Екеуара айқас өте шиеленісті өтті.

Төрешілердің жергілікті боксшыға бүйректен бұрғаны рас. Бірақ Күнгебаеваның 40 жастағы қарсыласын қапы қалдыратындай жөні бар еді. Сол секілді Токно Олимпиадасына қатысқан Надежда Рябец (75 кг) және талай дүрмекте ысылған Римма Волосенко (60 кг) мен жас дарын Аида Әбікеевадан (63 кг) да еш қайыр болмады.

→2

## БАСПАСӨЗ-2022

Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»



### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

# ТҮРКИЯ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛТЫНЫН «ТАРТЫП» АЛДЫ

← 1

Жартылай финалға жолдама алған бес боксшымыздың төртеуі жеңілістің кермек дәмін татқанда да көңіліміз қатты құлазды. Әсіресе, екі бірдей әлем чемпионы – Дина Жоламан (54 кг) мен Валентина Хальзоваға (70 кг) айрықша сенім арттық. Екеуінің де қарсыластары аса қарулы емес еді. Дина румыниялық Лакрамоара Перичоттің «жетегінде» кетті. Валентина мозамбиктік Алсинда Хелена Пангуаны жап-жақсы сабап жатып, қапияда нокадаунға түсіп қалды. Сол нокадаун бәсекенің тағдырын шешті. Сол секілді Жайна Шекербекова (52 кг) мен Карина Ибрагимова (57 кг) да кенінен көсіле алған жоқ.

Аталған жарыс Түркия құрамасының жарқын жеңісімен аяқталды. Финалға шыққан Анадолы елінің бес боксшысының барлығы да жеңіске жетіп, алтыннан алқа тақты. Әсіресе, біз Токио Олимпиадасы мен Улан-Удэдегі әлем чемпионатының жеңімпазы Бусеназ Сюрменелидің өнеріне айрықша риза



болдық. 66 кг салмақта жұдырықтасқан ол ақтық сында жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы, Панамерика ойындарының қола жүлдегері канадалық

Чарли Кавананың тас-талқанын шығарды. Төреші жекпе-жекте үшінші раундта тоқтатты. Ал Бусе Чакыроғлы (50 кг) колумбиялық Лорено Валенсия

Викторияны, Хатике Акбас (52 кг) румыниялық Лакрамоара Перийокты және Сеннур Демир (+81 кг) марокколық Хайжа Мердиді жеңді. Оған аса жеңіл

салмақтағы Айсе Чагирырдың бас жүлдесін қосыңыз. Сондай-ақ түрік қыздарының қоржынында тағы екі қола медаль бар.

Бас жүлденің екеуін олжалаған Ирландия құрамасы жалпы есепте екінші орынды иеленді. Бұл ретте Ами Сара Бродхурст (63 кг) пен Лиза Едел Ороуркеге (70 кг) тең келер ешкім табылмады. Ақтық сайыста алғашқысы алжирлік Иман Хелифтен айласын асырса, екіншісі мозамбиктік Елена Пангуаннан басым түсті. Сол секілді үндістандық Зарен Нихат (52 кг), тайпейлік Ю Тин Лин (57 кг), америкалық Рашида Шакилла Эллис (60 кг), канадалық Таммара Цибаулт (75 кг) және латвиялық Габриеле Стонкуте (81 кг) осы жарыста алдарына жан салмады.

Биылғы әлем чемпионатында барлығы 26 мемлекеттің өкілдеріне жүлде бұйырды. Аталған жарыста жеңіп алған жүлделердің саны бойынша жерлестеріміз екінші орынды иеленді. Әрине, бұл – жақсы нәтиже. Алайда бізді алаңдатып отырғаны – алтынның жоқтығы.

## ҚЫЗДАР БОКСЫ: ЖҮЛДЕ КӨП БҰЙЫРҒАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

**ҚЫЗДАР БОКСЫНАН ТҮРКИЯДА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ҮШІН ТАБЫСТЫ ӨТТІ.**

- 2-орын. 48 келі: Алуа Балқыбекова (50 мың АҚШ доллар)
- 3-орын. 52 келі: Жайна Шекербекова (25 мың доллар)
- 3-орын. 54 келі: Дина Жоламан (25 мың доллар)
- 3-орын. 57 келі: Карина Ибрагимова (25 мың доллар)
- 3-орын. 69 келі: Валентина Хальзова (25 мың доллар)

- Әлем чемпионатында бұған дейін әлем чемпионатына қатысқан боксшылар ғана жүлде алды.

- 48 келі. Алуа Балқыбекова (2-ші әлем чемпионаты) – алғашқы жүлдесі.
- 52 келі. Жайна Шекербекова (4-ші әлем чемпионаты) – үшінші жүлдесі.
- 54 келі. Дина Жоламан (6-шы әлем чемпионаты) – екінші жүлдесі.
- 57 келі. Карина Ибрагимова – (2-ші әлем чемпионаты) – екінші жүлдесі.
- 69 келі. Валентина Хальзова – (2-ші әлем чемпионаты) – екінші жүлдесі.

- 2019 жыл. Жеңіліс. 1/8 финал. 69 келі. Дариға Шәкімова – Оушей Джонс – 0:5;
- 2022 жыл. Жеңіліс. 1/16 финал. 66 келі. Дариға Шәкімова – Навбахор Хамидова – 2:3.

### ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДАҒЫ ДЕБЮТТІК ЖЕКПЕ-ЖЕКТІ КІМ ӨТКІЗГЕН?

2005 жылы Ресейде өткен әлем чемпионатында 54 келіде сынға түскен Марьям Блатова Швейцария боксшысы Дина Бургерден 2-раундта техникалық нокаутпен жеңілген.

Бұған дейінгі әлем чемпионатындағы көрсеткіштеріміз:

- 2005 жыл – 3 боксшы (алғашқы жекпе-жектерінде жеңілген)
- 2006 жыл – 8 боксшы
- Қола. 46 келі: Назгүл Боранбаева
- 2008 жыл – 11 боксшы
- Қола. 70 келі: Елена Кольцова
- 2010 жыл – 10 боксшы
- Күміс. 81 келі: Марина Вольнова
- Қола. 48 келі: Назгүл Боранбаева
- 2012 жыл – 10 боксшы
- Күміс. +81 келі: Юлдуз Маматкулова
- Қола. 48 келі: Назым Қызайбай

- 2014 жыл – 10 боксшы
- Алтын. 48 келі: Назым Қызайбай
- Күміс. +81 келі: Ләззат Күнгейбаева
- 2016 жыл – 10 боксшы
- Алтын. 48 келі: Назым Қызайбай
- Алтын. 54 келі: Дина Жоламан
- Алтын. 69 келі: Валентина Хальзова
- Алтын. +81 келі: Ләззат Күнгейбаева
- Қола. 51 келі: Жайна Шекербекова
- Қола. 57 келі: Айжан Қожабекова
- 2018 жыл – 10 боксшы
- Күміс. 51 келі: Жайна Шекербекова
- Қола. 60 келі: Карина Ибрагимова
- 2019 жыл – 10 боксшы
- Қола. 64 келі: Милана Сафронова
- Қола. +81 келі: Дина Исламбаева
- 2022 жыл – 12 боксшы (+1 АІВА атынан сынға түскен Ангелина Лукас)
- Күміс. 48 келі: Алуа Балқыбекова
- Қола. 52 келі: Жайна Шекербекова
- Қола. 54 келі: Дина Жоламан
- Қола. 57 келі: Карина Ибрагимова
- Қола. 69 келі: Валентина Хальзова

Қанат БАЙҰЗАҚ, журналист, арнайы «Қазақ спорты» газеті үшін

## «АЙНТРАХТ» ЕУРОПА ЛИГАСЫ КУБОГЫН БАСЫНАН АСЫРДЫ



**СЕВИЛЬЯДАҒЫ «РАМОН САНЧЕС ПИСУАН» СТАДИОНЫНДА ӨТКЕН ЕУРОПА ЛИГАСЫНЫҢ ФИНАЛДЫҚ МАТЧЫНДА ГЕРМАНИЯНЫҢ «АЙНТРАХТ» ПЕН ШОТЛАНДИЯНЫҢ «РЕЙНДЖЕРС» КЛУБТАРЫ ОЙНАДЫ.**

Негізгі және қосымша кезең тең есеппен аяқталды – 1:1, жеңімпаз тек пенальти

сериясында анықталды: «Айнтрахт» – 5:4. Есеп екінші таймда

ашылған. 57-минутта «Рейнджерс» жартылай қорғаушысы Джо Арибо мергендігімен көзге түсті. Ал 70-минутта «Айнтрахт» сапынан Рафаэль Борре таразы басын теңестірді. Ойындағы жеңіс голын осы Борре соқты.

## ЖЕҢІЛІСТЕН КӨЗ АШПАДЫҚ

**ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ КАНАДАМЕН КЕЗДЕСТІ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ХОККЕЙШІЛЕР КАНАДАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСЫМЕН ТЕҢ ДЕҢГЕЙДЕ ОЙЫН КӨРСЕТИП ЖАТҚАН, ТІПТІ ЕКІ РЕТ АЛҒА ДА ШЫҚТЫ. ДЕГЕНМЕН ОЙЫН ҚОРЫТЫНДЫСЫНДА КАНАДАЛЫҚТАР 6:3 ЕСЕБІМЕН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ.**

Отандастарымыз арасынан Егор Петухов, Аркадий Шестаков пен Кирилл Савицкий қақпаны дәл көздесе, үйенкі жапырақтылар елінен мергендігімен Дилан Козенс (хет-трик), Дрейк



Батерсон, Адам Лаури мен Дэймон Сиверсон көзге түсті. Еске салсақ, бұған дейін қазақстандық хоккейшілер Дания, Франция және Швейцария құрамаларына есе жіберді. Кеше түнде жерлестеріміз Словакияға қарсы матч өткізді. Айта кетсек, әлем

чемпионаты 13-29 мамыр аралығында Финляндияның Хельсинки және Тампере қалаларында өтіп жатыр. Қазақстан құрамасы Канада, Словакия, Германия, Дания, Швейцария, Италия және Франция құрамаларымен бірге А тобында сынға түсіп жатыр.

## КАРАТЕДЕН ЕЛОРДАЛЫҚ КОМАНДАЛАР АРАСЫНДА ЖАРЫС ӨТТІ

**ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ ҚОРЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫСЫ ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ БАТЫР БАБАМЫЗДЫҢ 330 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КИОКУШИНКАЙ КАРАТЕДЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР, ЖАСТАР ЖӘНЕ ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ТҰҒЫШ РЕТ ҚАЛАЛЫҚ КОМАНДАЛАР АРАСЫНДА ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ.**

Дода Абай атындағы гимназия-мектебінің спорт залында өтті. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы Серікбол Құдайберген мен Абай қорының директоры Аслан Ғафуров, Абай атындағы гимназия-мектебінің директоры Айгүл Ондағанқызы келген қонақтарға алғыс білдіріп, ҚР мәдениет қайраткері Камалқажы Әбдірахман жарысқа қатысушыларға батасын берді. Ал Қабанбай батыр спорт клубының құрылтайшысы Бақытбек Нұғымаров бұл чемпионаттың тәрбиелік мәні зор екенін тоқталды. Киокушинкай карате федерациясының өкілдері, ағайынды Николай және Виталий Рогатиндер (II дан және кара белбеу

негерлері) тұңғыш рет ұйымдастырылған чемпионат дәстүрлі турнирге айналса деген ниеттерін жеткізді. Федерация президенті Расул Тілеубекұлы Рахимбеков Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Берік Жәкеновтің құттықтауын жеткізіп, ұйымдастыруға ұйытқы болған азаматтарға алғыс хаттар табыстады. Қатысушылар үш салмақ дәрежесінде (29 кг, 40 кг, 65 кг) 25 жүлделі орынды сарапқа салды. Тартысты өткен бұл сайыста I-орынды Samgion спорт клубы иеленді. Жеңімпаздардың барлығына арнайы кубок-медальдер және қаржылай сыйлықтар тапсырылды.

## ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІНЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА ЕЛОРДАҒА ЖИНАЛДЫ

**ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫ ӨЗІРБАЙЖАН КОМАНДАСЫМЕН БІРЛЕСКЕН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫНА КІРІСТІ.**

Аталған жаттығу жиынына қатысу үшін ұлттық құрама сапына 21 спортшы шақырту алған. Айта кетерлігі, бірлескен жаттығу жиыны 1 маусымға дейін жалғасады.



**Азамат МАҚАЖАНОВ,**  
БОКСТАН ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ АҒА БАПКЕРІ:

# МЕНИҢ АРМАНЫМДЫ ТЕМІРЖАНОВ ОРЫНДАДЫ

**СОҒҒЫ КЕЗДЕРІ ПАВЛОДАР БОКСЫНДА ЖАҢА ӨРЛЕУ БАР. БЫЛТЫР СЕРІК ТЕМІРЖАНОВ КЕРЕКУ ӨҢІРІНЕН АЛҒАШ БОЛЫП ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫНА ҚАТЫСТЫ. БҰРЫН-СОҢДЫ БҰЛ АЙМАҚТЫҢ БІР ДЕ БІР БОКСШЫСЫНЫҢ ТӨРТЖЫЛДЫҚТЫҢ БАСТЫ ДОДАСЫНА ЖОЛЫ ТҮСПЕГЕН. ОДАН KEЙІН ДӘЛ ОСЫ СЕРІК ТЕМІРЖАНОВ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА КҮМІС ЖҮЛДЕ АЛДЫ. БҰЛ ДА ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ҮШІН ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДАЛЬ. ОСЫ РЕТТЕ БОКСТАН ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ АҒА БАПКЕРІ АЗАМАТ МАҚАЖАНОВ LIFESPOT YOUTUBE КАНАЛЫНА БАРЛЫҒЫ ҚАЛАЙ БАСТАЛҒАНЫН АЙТЫП БЕРДІ.**



– Азамат, Павлодар боксында үлкен прогресс байқалады. Нәтижелерді көріп отырмыз. Аз уақыттың ішінде осындай көрсеткіштерге қалай жеттіңіздер?

– Барлығы 2009 жылдан басталды. Бізге сол кезде сенім артты. Бірінші кезекте боксты, спортты жақсы көретін азаматтардың арқасы. Олар Павлодар боксының дамуы үшін қаржы салды. Сөйтіп алғашқы қадамдар жасалды. Мұндай қолдаудың арқасында бүгінгі жетістікке жетіп отырмыз. Бірінші кезекте облыстың боксын 10 жыл басқарған Шухрат Данбайдың еңбегі ерен.

– Облыста федерация басшылығы ауысты ғой. Қазіргі бокстың дамуы қалай болып жатыр?

– Серік Теміржановтан да басқа да мықты боксшыларымыз жетерлік. Ел чемпионатында және халықаралық турнирлерде оза тауып жүрген Қуан Қуатов, Аятолла Тәкежанов, Бауыржан Байғоншиев бар. Жастарымыз да

өсіп келеді. Ерболат Сабыр былтыр Польшада өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында финалға дейін жетті. Жақында оқушылар арасындағы әлем чемпионатынан екі жерлесіміз жүлде әкелді. Осыдан 10 жыл бұрын жолға қойылған жүйе өз жемісін беріп жатыр.

– Сіздерде кезінде қаржымен қызықтырып, өзге өңірдің боксшыларын Павлодарға шақыруға болар еді ғой. Бірақ басқа жолды таңдадыңыздар...

– Өте дұрыс айтып отырсыз. Ол кезде бізде басқаларды шақыруға қаржылық мүмкіндік мол еді. Алайда басқа жолды таңдадық. Алдымен білікті бапкерлерді шақырдық. Көп уақытты қажет етсе де, таланттарды өзіміздің өңірден іздедік. Жеңіл жолмен жетістікке жетуге ұмтылмай, өз балаларымызды дайындадық.

– Былтыр Павлодар боксы үшін табысты жыл болды. Серік Теміржанов Олимпиада

ойындарының іріктеу кезеңінен сәтті өтіп, Токио шаршы алаңында жұлдырықтасты...

– Бұл менің арманым болатын. Өзім кезінде боксшы ретінде Олимпиадаға барғым келді. Павлодар облысының боксшысының барғанын қалайтынмын. Енді бізге бұйырмаған бақ Серік Теміржановтың басына қонды.

– Олимпиададан кейін қазақ боксына қатысты халықтың наразылығы күшейді. Жиі сын айтыла бастады. Сол кезде пікірлерді оқу қаншалықты қиынға соқты?

– Теріс пікір көбейді. Пікірлерді білеміз. Есесіне әлем чемпионатына басқа көңіл күймен бардық. Өзімізді дәлелдеуге тырыстық. Мақсатымыз орындалды.

– Сербияда Серіктің әсіресе кубалық боксшыны жеңуі көпшіліктің есінде қалды...

– Белградтағы әлем чемпионатында Теміржанов алты жекпе-

жек өткізді. Ол басқалармен салыстырғанда шаршы алаңға көбірек шықты. Екі апта бойы концентрацияны ұстап тұру оңай емес. Жекпе-жектер де оңайға соқпады. Жартылай финалда кубалық Освель Гарсия Кабальеромен жолымыз түйісті. Барлық раундқа күшін есептеп, тактикалық тұрғыда жеңіске жетті. Оның алдында спарринг болған. Соның да пайдасы тиді.

– Өкінішке қарай, финалда Теміржанов қарсыласына жол берді. Не жетіспеді?

– Негізі тең жағдайдағы бокс. Америкалық Джамал Харви жас боксшы. Белсенді қимылдап, тізгінді өз қолына алуға тырысты. Соның арқасында чемпион атанды деп ойлаймын. Бәлкім, біз тактикалық жағынан қателескен шығармыз. Келесіде ондайға мүмкіндік бермейміз.

– Бүгін Сағадат Нұрмағамбетовті еске түсіруге арналған турнир Армия спорт клубының залында

өтіп жатыр. Бұл кешен сізге жақсы таныс шығар?

– Әрине, керемет кездер еді... Осы залда жұлдырықтастым. Сағадат Нұрмағамбетов турнирінде топ жарған сәттерім де бар. Әскери салада қызмет етіп жүрген тұста алғаш болып әскерилер арасындағы әлем чемпионатында жеңіске жеттім. Сондықтан ол уақытты сағынышпен еске аламын.

– Қытайдағы жазғы Азия ойындары келесі жылға шегерілді. Бұл жаңалық қалай әсер етті? Соққы болған жоқ па?

– Олай емес. Маған Токио олимпиадасының шегерілуі ауыр болған еді. Сондықтан тәжірибе бар. Серік Теміржанов та біледі. Біз жыл басынан бері дайындықты бастап кеткенбіз. Жоспарланған оқу-жаттығу жиындарын өткіздік. Таиландқа бардық. Өйткені Азия ойындарына дайындалу үшін сары құрлық елдерінің боксшыларымен спарринг өткізіп тұрған дұрыс.

## ТАЛАЙ БУЫНДЫ ТӘРБИЕЛЕГЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПОРТ КОЛЛЕДЖІНДЕ НЕ БОЛЫП ЖАТЫР?

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ТИМИРЯЗЕВ КӨШЕСІНДЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПОРТ КОЛЛЕДЖІ БОЛҒАН. ЕНДІ СОЛ 50 ЖЫЛДАН АСТАМ ТАРИХЫ БАР ОҚУ ОРНЫ ЖАБЫЛЫП, ОРНЫНА МОДУЛЬДІК СПОРТ КЕШЕНІ ҚҰРЫЛҒАЛЫ ЖАТЫР.**

Сәуір айының басында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Алматыға келген іссапарында осы колледжді 2008 жылдан бері басқарған Аманбек Тшановты зейнеткерлік демалысқа шығарып салған болатын. Орнына Алматы қаласының Шаңырақ шағын ауданындағы «Республикалық мамандандырылған олимпиадалық резерв мектеп-интернат-колледжіне» жетекшілік еткен Ернар Ибраимовты тағайындаған. Аманбек Тшановтың кетуі мен колледждің жабылуы тұспа-тұс келді.

Жалпы, Республикалық спорт колледжі былтыр 50 жылдығын атап өткен. Аталған оқу орнынан Шәмелі Серіков, Дәулет Тұрлыханов, Ольга Шишигина, Валерий Люкин, Елена Чебукина, Валерий Тихоненко, Ермахан Ыбырайымов, Ислам Байрамуков секілді дүлдүлдер тәрбиеленіп шыққан болатын.

Негізі болашақ Республикалық спорт колледжі 1961 жылы №6 мектеп-интернат ретінде ашылған. Онда толыққанды емес отбасының балалары оқыған. Сосын өндірісте жұмыс істейтін, үйлерін сирек көретін ата-аналар балаларын оқытқан. Арада 10 жыл өткенде білім ордасы бірнеше Олимпиада чемпионы мен жүлдегерін шығарған спорттық бейінді орта білім беру мектебіне айналды.

Ал 1999 жылы 11 жылдық мектепті бітірген оқушылар ересектер спортына қосылатын тұста өздерін жоғалтып алмас үшін Республикалық



спорт колледжі құрылды. Сөйтіп аталған оқу орны жоғары білікті спортшылар мен орта арнаулы білімі бар спорт мамандарын даярлау жолына түсті.

Бірақ бұл жолғы шешім сонда оқитын студенттер мен олардың ата-аналары үшін күтпеген жағдай болды. Оқу жылының аяқталуына 1 ай қалғанда колледждің жабылуына наразылық білдіріп жатқандар көп. Қазіргі кезде колледжде спорттың 12 түрі бойынша 250 спортшы оқиды. Оның 75-і биыл бітірсе, 159-ы өзге білім ордасына ауыстырылатын болды.

Министрлік оқушыларды Кәрік Ахметов олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне және Шаңырақ шағын ауданындағы спорт мектебіне орналастырамыз деп сендіріп

отыр. Сондай-ақ тәлімгерлерімен бірге 45 мұғалім және 55 жаттықтырушы да ауысады.

«Балаларымыз осы жерде өсті, оқыды. Әбден осы жерге үйреніп қалды. Тазалық, тәртіп бар. Жаттықтырушылары да жақсы. Балалардың жетістіктері де көңіл көншітерлік. Ешқандай мәселе жоқ. Мұны аяқ астынан жауып тастап жатыр. Біз сол жапқанына қарсымыз», – дейді ата-аналар.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың блогына да хат жазып, алдағы тағдыры қалай болатынын сұрап жатқандар бар.

Министр өз жауабында Мемлекет башысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыдағы Республикалық спорт колледжін қайта құруды тапсырғанын түсіндірген. Ресми түрде мекеме атауы – «Олимпиадалық спорт түрлері

бойынша республикалық жаттығу орталығы академиясы».

«Министрлік республикалық спорт колледжінің барлық қызметкерін жұмысқа орналастыруға мүдделі. Қайта құруға байланысты штат қысқарған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңнамалық негізде әрекет етеміз. Оқушыларды басқа республикалық спорт интернаттарына ауыстырамыз. Егер спортшы немесе ата-анасы біздің бөлгенімізге келіспей, өзге облыстық мектеп-интернатқа ауысуға ниет білдірсе, министрлік өз тарапынан бұған көмектеседі», – деді Абаев.

Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Самат Ерғалиев бұл жабу емес, қайта құру деп отыр. Яғни ол модульдік спорт кешенін салып, алты спорт түрін дамытатындарын айтты. Ал оқушылар басқа оқу орындарына жіберіледі.

Осы оқу орнын бірнеше жыл басқарған Аманбек Тшанов: «бұл қателік, министрлік пен спорт комитетінің шешімімен келіспеймін», – дейді.

«Ешқандай қисынға келмейді. Мұны кім істепіп отыр? Осыдан 4 ай бұрын комитет тізгінін Самат Ерғалиев ұстаған. Ол өзі спортшы ретінде нәтижеге жетпеген адам. Енді келіп ақылға қонбайтын шешімдер қабылдап жатыр. Мұнда 500 бала бар. Оның жартысы мектеп оқушысы, жартысы колледж студенттері», – дейді Аманбек Тшанов.

Кез келген оқу орнын жабудың артында қанша баланың тағдыры тұратынын министрлік ескерді деп үміттенеміз.

# ҚЫЗЫҒЫ КӨП ҚЫСҚЫ СПОРТ

РИДДЕРДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ОЛИМПИАДА РЕЗЕРВІ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ-КОЛЛЕДЖІ ЕЛІМІЗДІҢ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНА САҢЛАҚТАР ДАЙЫНДАП ЖАТЫР



**...ПАНДЕМИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫСҚЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН СПОРТШЫЛАР ӨЗІРЛЕЙТІН РИДДЕРДЕГІ СПОРТ МЕКТЕБІНЕ АЯҚ БАСПАҒАЛЫ ЕКІ ЖЫЛ БОЛЫПТЫ. ЖАН-ЖАҒЫН ҚАРАҒАЙ, ШЫРША, ҚАЙЫҒ АҒАШТАРЫ ҚОРШАҒАН МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ-КОЛЛЕДЖІ ОРНАЛАСҚАН ЖЕР ҒАЖАП. ТАБИҒАТЫ КӨЗ ТАРТАДЫ. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АЛАҒСЫЗ ЖАТТЫҒУЫНА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН. МҰНДА ШӘКІРТТЕРГЕ БЕС МЕЗГІЛ ТАҒАМ БЕРІЛЕДІ.**

**ҚҰНАРЛЫ ВИТАМИНДІ ҚОСПАЛАР ӨЗ АЛДЫНА. ОҚУ ОРНЫНЫҢ МАҚСАТЫ ЕЛІМІЗДІҢ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНА КАНДИДАТТАР ДАЙЫНДАУ, ҚАЗАҚ ЕЛІ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІГІН АРТТЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

– Бізді кикбоксан әлемнің бес дүркін чемпионы, мемлекеттік қызметте шыңдалған, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Асқар Байжігітұлы Мажанов қарсы алды. Ол ең алдымен аумағы ондаған гектар жерді алып жатқан оқу орнының аумағымен таныстырып шықты. «Мына жерден 500 тонна қоқыс шығардық. Өкінішке қарай, құрылысы 2018 жылы басталып, екі жылдан кейін пайдалануға беріледі деген жаңа оқу корпусы қаңырап бос қалды. Себебі кезінде құрылысқа жауапты адамдар мемлекеттің ондаған миллион теңгесін құлқындарынан өткізіп жіберген. Кінәлілер жазасын алғанымен, амал бар ма, шәкірттерге қолайсыз жағдай туғызды. Бұрынғы бес қабатты корпусты сығылысып сабақтарын оқиды, ашық аспан астында жаттығуда. Бұған шыдаудан басқа амал жоқ. Егер Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің басшылары қаржы көзін тауып, құрылысты аяқтауға қолғабыс жасаса, алыстан басқа айтарымыз жоқ», – деді оқу орнының басшысы Асқар Байжігітұлы.

Риддердегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледж Олимпиада ойындарының бағдарламасынан ойып тұрып орын алатын спорттың 8 түрі бойынша спортшылар әзірлейді. Олар: шаңғы, тау шаңғысы, биатлон, шаңғымен тұғырдан секіру, фристайл-могул, сноуборд, жеңіл атлетика, қайық есу слаломы. Асқар Мажановтың айтуынша, бұл күндері оқу орнының штатында 253 адам бар екен. Оның ішінде 194 оқушы мектепте, ал 59-ы колледжде білім алады. Шәкірттер қазақ және орыс бөлімінде оқып жатыр. Соңғы жылдары бес қазақ бөлімі ашылған. Риддерлік саңлақтардың қысқы спорт түрлерінен жеңіп алған

жұлделері қомақты. Мысал ретінде айтар болсақ, өткен жылы Алматы қаласында жалауы желбіреген Қазақстан республикасының V қысқы спартакиадасында мектеп-интернат-колледжнің шәкірттері бәсекеде 29 медаль иеленген. Оның 11-і – алтын, 7-еуі – күміс, 11-і – қола. Дүбірлі доғаға Ақтөбе, Алматы, ШҚО, Батыс және Солтүстік Қазақстан облыстары мен Нұр Сұлтан қаласының оқушылары қатысқан.

Үстіміздегі жылдың бірінші бірінші тоқсанында ғана оқу орнының оқушылары 21 республикалық, 10 облыстық дүбірлі доғаға қатысыпты. Нәтиже қуантарлық. Атап айтқанда, халықаралық жарыстардан оқу орнының түлектері 16 алтын, 20 күміс, 10 қола алқа иеленіпті. Ал республикалық жарыстарда 106 алтын, 70 күміс, 58 қола қанжығаға түскен. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында үш шәкірт халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 11 оқушы республикалық спорт шебері нормасын орындаған. Биылғы наурызда оқу орнының спортшылары екі ірі халықаралық жарысқа қатысып, олжамен оралған. Жасөспірімдер мен жастар арасындағы Азия чемпионатында мектеп-интернат-колледждің саңлақтары 12 алтын, 6 күміс, 5 қоланы қоржынға салып, айды аспанға шығарған. Қайық есу слаломынан өткен Азия чемпионатында республика құрамасы сапында үш оқушы күш сынасып, 11 медаль иеленді: 2 алтын, 8 күміс, 1 қола. Болашағынан үміт күттіретін Бексұлтан Ернұр шаңғыдан өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында 30 шақырымдық масс-стартта 24-орынға табан тіреді. Ернұр Ақтөбе облысынан Риддерге келіп білім алып, шеберлігін шыңдауда. Реті келгенде айтқан орынды, Риддердегі спорт мектебіне Батыс



Қазақстан, Алматы облысы, Нұр-Сұлтан мен Алматы, Шығыс Қазақстан облысының Үржар, Шемонаиха аудандары мен Өскеменнен талантты шәкірттер оқуға келеді. Мұндағы оқу тегін, колледж студенттері шәкіртақы алады, оны бітірген соң дене тәрбиесінен мектептерде сабақ береді немесе жоғары оқу орындарына түсе алады. Сондықтан Риддердегі мектепке оқуға түсем деушілер қатары жыл сайын артып келеді. Мектеп басшылығы мен ұстаздары жаз айларында облыстарға іссапарға шығып, оқушылар қабылдауға аттанады.

– Талантты шәкірттерге барлық

қолдауды жасаймыз. Олардың жаттығулары үшін спорт құралдары жеткілікті. Биатлоншылар жаз маусымында конькидің орнына шетелде жасалған роликтермен жүгіріп, ату алаңында еркін қимылдай алады. Шаңғышыларға да барлық мүмкіндік қарастырылған. Ал жеңіл атлетика тобындағылар стадионда жаттығып жатыр. Фристайл-могул, қайық есу слаломы тобындағылар арнайы спорт базасында дайындықтан өтеді. Талантты жастар жайлы айта кетейін. Нартай Тобыбекұлы, Дастан Қалибеков, Ильяс Исабек сияқты шаңғышылар жастар арасында

ел чемпионы атанды. Виктория Колесникова, Айдана Чонкова, Ирина Тятова деген жастарымыз байрақты бәсекелерде қарсыластарынан басым түсіп, мектебіміздің атақ-даңқын асқақтатуда. Қайық есу слаломында Александр Коробов, Екатерина Таранцева, Арина Гладышева, Ефим Тарасов ел біріншілігі мен Универсиада ойындарында жүзде теруде. Оларға тәжірибелі, білімі мен біліктілігі толыққан 40-тан астам халықаралық және республикалық дәрежедегі бапкер дәріс беруде. Мына бір көрсеткішке көз салайықшы, – деп әңгімесін жалғастырды Асқар Байжігітұлы. – Біз сапаға баса назар аударамыз. Себебі оқу орнында тәжірибелі ұстаздар дәріс оқиды. Бір ғана мысал. 2021 жылы оқу орны 59 жас бітірді. Олардың ішінде 40 адам мектеп-интернатты, ал 19-ы колледждегі аяқтады. Үш шәкіртіміз еліміздің басқа колледждеріне оқуға түсіп, екеуі бізде жұмысқа орналасты. 40 адамның 19-ы колледжге, 11 адам жоғары оқу орындарына түсті. Бес жеткіншеіміз көрші Ресейде білімін жалғастыруды шешті. Қорыта айтқанда, алдағы уақытта да республикалық спорт мектеп-интернат-колледжін оқытушылар ұжымы еліміздің абыройын асқақтататын жас ұрпақты тәрбиелеуде көп ізденіс танытып, биік белестерге жете береді.



## ӘДІЛЖАННЫҢ ШӘКІРТТЕРІ ШЕТІНЕН ЧЕМПИОН

**...ЖАҚЫНДА РИДДЕР ҚАЛАСЫНДА ІССАПАРДА БОЛҒАНЫМДА ӘДІЛЖАН ДЮСУПОВ ДЕГЕН АЗАМАТПЕН ТАНЫСТЫМ. ЕКІ КӨЗІНЕН ҚАЙСАРЛЫҚ ПЕН ӨЖЕТТІЛІКТІҢ ОТЫ БАЙҚАЛЫП ТҰРҒАН БҰЛ ЖІГІТТІҢ ТЕГІН АДАМ ЕМЕС ЕКЕНІН БІРДЕН АҒҒАРЫП, СӨЗГЕ ТАРТТЫМ.**

Әділжан Күршімнің тумасы екен. Осыдан он шақты жыл бұрын Риддерге көшіп келіп, осындағы «Шаңырақ» мектебінде дене тәрбиесі пәнінен сабақ бере бастапты. Бала кезінен спорт десе ішкен асын жерге қоятын Әділжан мектепте, жоғары оқу орнында білім алып жүрген кезде спорттың бірнеше түрімен шұғылданады. Әсіресе қол күресін ерекше ұнатты. Жарыстарда оза шапқан кездері аз емес. Жетістіктері бір төбе.

– «Шаңырақ» орта мектебінің сол кездегі директоры Сәуле Мәдикызы спортқа ерекше көңіл бөлетін. Мектепте спорттың бірнеше

түрінен секциялар жұмыс істеп тұрды. Әділжанның шәкірттері қалалық жарыстарда үнемі алдан көрініп жүрді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын іскер жаттықтырушыны өзімізге қызметке шақырған едік. Өз ісіне тиянақты жас қасына талапты балаларды жинап алды. Олардың бірнешеуі үш-төрт жылда тамаша нәтиже көрсетіп, үздік көрсеткішке қол жеткізе бастады. Мәселен, 11 сынып оқушысы Вадим Мамонтов қол күресінен жалауы желбіреген республикалық, Азия және әлем біріншіліктерінде жүлде тере бастады. Салмағы небәрі 50 келі колтоқпақтай



қайсар жігіттің алар биігі алда. Әділжанның қол астында жаттығатын Никита Хомутовский, Хамза Жасұлан әлем, Азия чемпионаттарында алтын, күміс, қоланы уыстап алып жүр. Ауданбек

Данияр параспорттан өткен ел чемпионатында үш дүркін чемпион атанса, жастар арасында әлем чемпионатының биік тұғырына көтерілді. Әділжанның тағы бір талантты шәкірті Николай Мырзағарев үш құрылықтың жеңімпазы болды, – дейді Риддердегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Қуаныш Баяндин.

Әділжан өз мамандығын ерекше ұнатады. «Риддердің жастары байрақты бәсекелерде ел намысын абыроймен қорғаса, мақсатымын орындағаны» дейді ол. Қазірдің өзінде оңға тарта шәкірті әлем, Азия чемпионаттарында топ жарып жүр.

«Шіркін, қол күресі Олимпиада ойындарының бағдарламасына енсе, шәкірттерім жеңіс тұғырынан қол бұлғаса, арманым орындалар еді» дейді Әділжан. Орындалсын дейміз.

Бетті дайындаған –

**Оңдасын ЕЛУБАЙ,**

«Қазақ спорты» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі

# «ҚАЙРАТЫМ» ДЕП МЕН ЖҮРМІН, ҚАЙРАТ ҚЫЛМАЙ СЕН ЖҮРСІҢ...

**ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНЫҢ 11-ТУР ОЙЫНДАРЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. БҰЛ ТУРДА ЖАНКҮЙЕРЛЕР АСЫҒА КҮТКЕН ЕКІ МАТЧ ӨТТІ. ЕЛОРДАНЫҢ «АСТАНА АРЕНА» СТАДИОНЫНДА «АСТАНА» ФУТБОЛШЫЛАРЫ АЛМАТЫНЫҢ «ҚАЙРАТЫН» ҚАБЫЛДАСА, «АҚТӨБЕ» ҚОСТАНАЙДЫҢ «ТОБЫЛЫМЕН» ЖАСЫЛ АЛАҒА ШЫҚТЫ.**



Құрбан Бердиев баптайтын Алматының «Қайраты» әлі есін жиган жоқ. Қатарынан бес ойында жеңіске жете алмай жүрген алматылықтарды өткен аптада «Астана» астаң-кестең шығарды. «Қайраттың» айып алаңын шаң қылған Марин Томасов бастаған жігіттер қонақтардың қақпасына жауапсыз алты гол соқты. Бұл «Қайраттың» Премьер-лига тарихындағы ең ірі жеңілісі.

Жанкүйерлер асыға күткен тағы бір ойын Ақтөбедегі Қобыланды батыр атындағы Орталық стадионда өтті. Былтырғы жылғы жеңімпаз

«Тобылды» қабылдаған ақтөбеліктер 2:1 есебімен жеңіске жетіп, турнир кестесінің бесінші сатысына көтерілді. «Ақтөбенің» бас бапкері болып жақында Андрей Карпович тағайындалды.

11-турға байланысты тағы бір жаңалық: бұған дейін ең көп жанкүйер жиналған 9-тур ойындары (22 гол) болса, бұл жолы 11-турдың нәтижесі одан асып түсті – 23 гол. Өздеріңіз байқағандарыңыздай, бұл турда «Астана» мен «Қайрат» арасындағы ойында алты гол соғылды. Сондай-ақ, мұндай нәтиже «Атырау» мен «Қызылжар» арасындағы ойында да тіркелді – 3:3.

OLIMPBET-ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ							
ОРЫН	КОМАНДА	О	В	Н	П	ГОЛДАР	УТАЙЛАР
1	Taraz	11	6	3	2	14-7	21
2	Astana	11	6	2	3	22-11	20
3	Kaspil	11	6	1	4	13-11	19
4	Atyrau	11	5	3	3	15-11	18
5	Aqtobe	11	5	2	4	11-14	17
6	Shaher	10	5	1	4	16-12	16
7	Tobyl	11	4	3	4	15-14	15
8	Ordabasy	11	4	2	5	14-12	14
9	Qairat	11	3	4	4	9-16	13
10	Aqsu	10	4	1	5	10-10	13
11	Turan	10	2	5	3	6-9	11
12	Aqaiyq	10	3	2	5	4-8	11
13	Qyzyljar	11	1	6	4	10-15	9
14	Maqtaaral	11	2	3	6	8-17	9

### ҮЗДІК СҮРМЕРГЕНДЕР

8 гол	Педро ЭУЖЕНИО	шабуылшы
8 гол	Андрия ФИЛИПОВИЧ	шабуылшы
7 гол	Серж НЬЮОДЗИ	шабуылшы

**«АҚТӨБЕ» (Ақтөбе) – «ТОБЫЛ» (Қостанай) – 2:1**  
**Гол соққандар:** Сердер Сердеров 54 (1:0), Алекса Аманович 79 (1:1), Жерар Гуй 90+ (2:1);

**«МАҚТААРАЛ» (Мақтаарал) – «КАСПИЙ» (Ақтөме) – 2:1**  
**Гол соққандар:** Себанхи Биллал 35 (1:0), Тәйкенов Максат 50-пен (1:1), Бруно Алекс 56 (2:1);

**«ТАРАЗ» (Тараз) – «АҚЖАЙЫҚ» (Орал) – 2:0**  
**Гол соққандар:** Гамаков Милен 6 (1:0), Сүлей Әлішер 90+5 (2:0).

**Едіге ОРАЗ**

### 11-ТУРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

**«ШАХТЕР» (Қарағанды) – «ОРДАБАСЫ» (Шымкент) – 1:0**  
**Гол соққан:** Роман Мұртазаев 50 (1:0);

**«АТЫРАУ» (Атырау) – «ҚЫЗЫЛЖАР» (Петропавл) – 3:3**  
**Гол соққандар:** Амандық Набиханов 3 (1:0), Андрия Филипович 46 (2:0), Юрий Бушман 50 (2:1), Юрий Бушман 71-пен (2:2), Андрия Филипович 73 (3:2), Юрий Бушман 90+5-пен (3:3);

**«АСТАНА» (Нұр-Сұлтан) – «ҚАЙРАТ» (Алматы) – 6:0**

**Гол соққандар:** Марин Томасов 19 (1:0), Влут Рай 36 (2:0), Марин Томасов 44 (3:0), Педро Эуженио 48 (4:0), Марин Томасов 63 (5:0), Педро Эуженио 70 (6:0);

**«АҚСУ» (Ақсу) – «ТҰРАН» (Түркістан) – 2:0**  
**Гол соққандар:** Асланбек Кәкімов 18 (1:0), Ұлар Жақсыбаев 73 (2:0);

# АДИЕВТЕН ҚАНДАЙ ҮМІТ КҮТЕМІЗ?

## ҚФФ ПРЕЗИДЕНТІ БАРМЕНҚҰЛОВ БАС БАПКЕР ТАҢДАУДА ҚАТЕЛЕСПЕДІ МЕ?

**ӘРБІР ЕЛ ФУТБОЛДЫҢ ДАМУЫН БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ КӨРСЕТКІШІМЕН БАҒАЛАЙДЫ. ҚАЗАҚСТАН БҰЛ ЖАҒЫНАН МАҚТАНА АЛМАЙДЫ. ЖАҚЫНДА ОСЫ ЖАҒДАЙДЫ СӘЛ ДЕ БОЛСЫН ӨЗГЕРТУ ҮШІН ҚҰРАМАНЫҢ БАС БАПКЕРІН АУЫСТЫРДЫ. БҰЛ ЖОЛЫ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ТАҢДАУЫ МАГОМЕД АДИЕВ ЕСІМДІ РЕСЕЙЛІК МАМАҢҒА ТҮСТІ. БІРАҚ САРАПШЫЛАР МЕН ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІҢ КӨБІСІ ЖАҢА ЖАТТЫҚТЫРУШЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІНЕ, ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНМЕН ҚАНДАЙ ДА БІР НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕТІНІНЕ КҮМӘНМЕН ҚАРАЙДЫ. ЕНДЕШЕ АДИЕВ ДЕГЕН КІМ? ОСЫ СҰРАҚҚА ЖАУАП ІЗДЕП КӨРСЕК.**

Әрине, 44 жастағы Магомед Адиевтің Қазақстан құрамасының тізгінін ұстауын ҚФФ президенті Әділет Барменқұловпен байланыстыратындар көп. Өйткені федерация басшысы осының алдында Қарағандының «Шахтер» клубында директорлар кеңесінің төрағасы болған. Адиев болса былтырдан бері «кеншілер» клубын жаттықтырып келді. Сондықтан екеуі жақсы таныс. Оның үстіне Магомедтің Қарағанды клубында жұмыс істеуі де осы Әділет Назарбайұлының арқасы екенін ұмытпауымыз қажет.

Еліміздің бас командасының бапкері болған Адиев әу баста футболшы ретінде өнер көрсеткен. 16 жасында Махачкаланың «Анжи» клубына қабылданады. Негізі бұл клубтың қатарына қосылуы тосыннан болған екен.

«Туған жерім Шешенстанда соғыс басталып кетті. Ал Дағыстанда шекара ашық. Біз босқын ретінде сонда бардық. Әкем Александр Маркаров есімді бапкерге апарып, командаға алуымды өтінді. Сөйтіп «Анжиге» қосылдым», - дейді Адиев.

1999 жылы Мәскеудің ЦСКА клубының қатарын толықтырады. Тіпті, Самараның «Крылья Советов» клубымен кездесуде алаңға шықты. Бұл жаңа маусымның алғашқы туры болатын. Сол кезде ЦСКА командасында Қазақстан құрамасының жартылай қорғаушысы Максим Низовцев те бар еді.

Алайда Мәскеудегі карьерасы сәтті бола қойған. Шабуылшы мұндай ритмдегі ойынға дайын болмай шықты. Сөйтіп «Сокол» клубына жалға беріледі.



Ал 2000 жылы күтпеген жерден тағы бір Мәскеудің командасы, сол кезде дүркіреп тұрған «Спартак» командасынан шақырту алады. Ол «Спартактың» дублине қабылданып, негізгі құраммен бірге жаттығады.

Бірақ Олег Романцев жаттықтырған тұста «Спартак» сапында премьер-лигада ойнай алмады. Амал жоқ, «Анжиге» қайта оралды. Адиев қайта келгенде «Анжи» жоғары лигаға оралды. Сосын 2001 жылы УЕФА кубогында бақ сынады. Магомед Шотландияның «Рейнджерс» клубымен ойынға да қатысқан.

2002 жылы «Соколда», арада бір жыл өткенде карьерасын Қазақстанда жалғастырды. Елорданың «Жеңіс» клубы өз қатарына қосты. Астанада қола жүлдегер атанды. Шешенстандық футболшы ел біріншілігінде 11 ойынға қатысып, 5 гол соқты. Қызылорданың «Қайсар» клубымен матчта алаңнан қуылып, еліне ертерек оралды.

Адиевтің футболшы ретінде карьерасы 2008 жылға дейін жалғасты. Арасында «Терекпен» Ресей кубогын да жеңіп алды. Ресейден бөлек, Украинаның «Кривасс» клубында да өнер көрсетті. Соңғы командасы – «Нижний Новгород».

Футболшы ретінде жолы болмағандардың бапкерлікте бағы жанып жататындары жетерлік. Бірақ мұндай бақыт әзірге Адиевке келе қойған жоқ. «Волга», «Терек-2», Легион Динамо» командаларын жаттықтырды. «Ахматтың» бапкерлік штабының құрамында болды. 2018 жылы Махачкаланың «Анжи» клубын қабылдап алды. Ол кезде клубта қаржылық дағдарыс болатын. Бірнеше миллион қарызы бар, тіпті жанармайға

ақша таппай отырған клубтың тізгінін ұстады. Маусымаралық үзіліс кезінде негізгі құрамның бірнеше ойыншысы кетіп қалды. Команда чемпионатты тек жас ойыншылармен қорытындылауға мәжбүр болды. Жартылай қорғаушы Газль Ондуга «Анжиді» тек Адиев сол кезде ұстап тұрғанын айтты.

«Моральдық тұрғыдан бәрі шаршаған. Бірақ Адиев әрбір кезде не айту керектігін білетін. Алаңда сол үшін барымызды салдық. Бапкер біткеннің бәрі мұндайға шыдай бермейді», - дейді Ондуга.

